

**«ҚАЗАГРОИННОВАЦИЯ» АҚ
ЖШС «ЖЕМІС ЖӘНЕ ЖҮЗІМ ӨСІРУ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ»**

**АО «КАЗАГРОИННОВАЦИЯ»
ТОО «КАЗАХСКИЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ
ПЛОДОВОДСТВА И ВИНОГРАДАРСТВА»**



**ҚАЗАҚСТАНДА ӨСІРЕЛЕТІН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ
БАР ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЙЕТІН ТЕЛІТУШІ АЛМА МЕН
АЛМҰРТТЫ АНЫҚТАУҒА ҰСЫНЫСТАР**

(кәсіпкерлерге, бағбандарға және фермерлерге көмекші құрал)

**РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОПРЕДЕЛЕНИЮ ВЕГЕТАТИВНО РАЗМНОЖАЕМЫХ
ПОДВОЕВ ЯБЛОНИ И ГРУШИ (АЙВЫ) РАЙОНИРОВАННЫХ
И ПЕРСПЕКТИВНЫХ В КАЗАХСТАНЕ**

(в помощь предпринимателям, плодоводам и фермерам)



GEF UNDP Kazakhstan
Mountain Agrobio Project

Алматы 2011

УДК 634
ББК 42.356
Қ 36

Қазақстанда өсірілетін және болашағы бар вегетативті көбейетін телітуші алма мен алмұртты анықтауға ұсыныстар (кәсіпкерлерге, бағбандарға және фермерлерге көмекші құрал). – Алматы, 2011. – 48 с., 44 сурет.

ISBN 978-601-7032-21-0

ЖШС «Жеміс және жүзім өсіру ҚазФЗИ» көшет өсіру зертханасының ғылыми қызметкерлері жеміс дақылдарының екпе материалдарымен айналысатын шаруашылыққа арнап, өз ғылыми зерттеулері негізінде ұсыныстар құрастырды. Ұсыныста «Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген, сонымен қатар басты морфологиялық белгілері бойынша алмұрттың болашақты өскіндерінің сұрыптау жетістіктерінің мемлекеттік тізіміне» кіргізілген вегетативті көбейетін телітуші алма мен алмұртты анықтау әдістері берілген.

Ұсыныстар ЖШС «Жеміс және жүзім өсіру ҚазФЗИ» Ғылыми кеңесінде 10. 02.2011, хаттама № 2, бекітілген және басылымға ұсынылған

Құрастырушылар:

Д.С. Ізбасаров, бас директор, ҚР ҰҒА академигі НАН РК, техника ғылымдарының докторы, профессор.

Э.Д. Маденов, бас директордың орынбасары, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент.

К.Г. Карычев, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор.

А.И. Янкова, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты.

И.П. Савеко, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты.

М.В. Уразаева, ағқ.

Редактор: А. Б. Мищенко, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты

Кітап Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ғаламдық экологиялық қордың және Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының «Қазақстанның таулы агробиологиялық алуантүрлілігін *in situ* сақтау» жобасын іске асыру шеңберінде жарық көріп отыр.

Осы жарияланымда орын алған көзқарастар авторға тиесілі және міндетті түрде БҰҰ Даму бағдарламасының пікірін білдірмейді.

© Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы, 2011
Барлық құқықтар қорғалған.



Empowered lives.
Resilient nations.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) - БҰҰ қатысушы-елдердің білім көздеріне, тәжірибелер мен ресурстарға қол жеткізуге жол ашу арқылы адам өмірінің позитивтік өзгеруі үшін даму саласындағы ауқымды желісі болып табылады. Біз даму саласында 166 елдің аймағында жұмыс істейміз, оларға даму саласындағы ғаламдық және ұлттық мәселелердің шешімін іздеуде көмек көрсетеміз. Өз әлеуеттерін дамыту барысында елдер БҰҰДБ қызметкерлерінің тәжірибелері мен білімдерін кеңінен пайдаланады.



182 елді біріктіріп отырған Ғаламдық Экологиялық қор (ФЭҚ) халықаралық ұйымдармен, азаматтық қоғаммен және жеке бизнеспен серіктесе отырып бүкіл дүние жүзі бойынша тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында жергілікті, ұлттық және ғаламдық экологиялық проблемаларды бірлесіп шешу үшін дамып келе жатқан және көшпелі экономикалы елдерге гранттар ұсынады. Қызметі ғаламдық экологияны жақсартуға бағытталған және 2700 ден астам жобаға қолдау көрсеткен ФЭҚ 1991 жылы құрылған, қазіргі уақытта аса ірі қоғамдық донорлық ұйымға айналып отыр. <http://www.thegef.org>

УДК 634
ББК 42.356
Р 36

Рекомендации по определению вегетативно размножаемых подвоев яблони и груши (айвы) районированных и перспективных в Казахстане (в помощь предпринимателям, плодоводам и фермерам). – Алматы, 2011. – 48 с., 44 ил.

ISBN 978-601-7032-21-0

Рекомендации составлены научными сотрудниками ТОО «КазНИИ плодоводства и виноградарства» на основании собственных научных исследований лаборатории питомниководства и предназначенны для хозяйств, занимающихся выращиванием посадочного материала плодовых культур. В рекомендациях представлен способ определения вегетативно размножаемых подвоев яблони и груши вошедших в «Государственный реестр селекционных достижений, допущенных к использованию в Республике Казахстан, а также перспективных подвоев груши по основным морфологическим признакам.

Рекомендации утверждены на Ученом совете ТОО «КазНИИ плодоводства и виноградарства» 10. 02.2011, протокол № 2, и рекомендованы к изданию.

Составители:

Д.С. Избасаров, генеральный директор, почетный академик НАН РК, доктор технических наук, профессор.

Э.Д. Маденов, заместитель генерального директора, кандидат ельскохозяйственных наук, доцент.

К.Г. Карычев, доктор сельскохозяйственных наук, профессор.

А.И. Янкова, кандидат сельскохозяйственных наук.

И.П. Савеко, кандидат сельскохозяйственных наук.

М.В. Уразаева, снс.

Редактор: А. Б. Мищенко, кандидат сельскохозяйственных наук

Книга издана в рамках реализации Проекта Правительства Республики Казахстан, Глобального экологического фонда и Программы развития ООН в Казахстане «Сохранение *in situ* горного агробиоразнообразия в Казахстане».

Взгляды, представленные в данной публикации, принадлежат авторам и необязательно отражают мнение Программы развития ООН.

© Программа развития ООН в Казахстане, 2011.
Все права защищены.



Empowered lives.
Resilient nations.



Программа развития Организации Объединенных Наций (ПРООН) – глобальная сеть ООН в области развития, выступающая за позитивные изменения в жизни людей путем предоставления странам - участницам доступа к источникам знаний, опыта и ресурсов. Мы работаем на территории 166 стран, оказывая им содействие в поиске решений глобальных и национальных проблем в области развития. В процессе развития своего потенциала страны используют опыт и знания персонала ПРООН и широкого круга ее партнеров.

Глобальный Экологический Фонд (ГЭФ), объединяющий 182 страны, в партнерстве с международными организациями, гражданским обществом и частным бизнесом предоставляет гранты развивающимся странам и странам с переходной экономикой для совместного решения местных, национальных и глобальных экологических проблем с целью достижения устойчивого развития во всем мире. Созданный в 1991 году, в настоящее время ГЭФ является крупнейшей общественной донорской организацией, деятельность которой направлена на улучшение глобальной экологии и поддержавшей более 2700 проектов. <http://www.thegef.org>

МАЗМҰНЫ

	бет
Кіріспе	5
1. Сапаны анықтаудың мақсаты мен міндеттері	7
2. Вегетативті көбейетін телітушілердің (өскіндердің) басты ерекше морфологиялық белгілері	7
3. Телітуші алма мен беке өскіндерінің қысқаша сипаттамасы	11
3.1. Қысқа телітуші алмалар	11
3.2. Жартылай қысқа телітуші алмалар	13
3.3. Орташа телітуші алмалар	14
3.4. Алмұрттың қысқа телітушілері (беке)	15
3.5. Алмұрттың жартылай қысқа телітушісі	16
4. «Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген сұрыптау жетістіктерінің мемлекеттік тізіміне» кіргізілген телінуші алма мен алмұрт өскіндердің басты белгілері	17
5. Телітуші өскіндерді тексеру жөніндегі құжаттар	19
Қосымшалар	20
Терминнің қысқаша сөздігі	23
Әдебиеттер	45

КІРІСПЕ

Бақ шаруашылығында телітуші өскіндерге басты көңіл аударылады. Қазіргі кезде әлемдік бақ шаруашылығында вегетативті көбейетін телітуші өскіндер кең таралып отыр.

Телітуші өскіндер ағаш өсу күшінің ауытқуын қысқартады, жеміс салу уақытында оны жылдамдатады, құрғақшылық пен суыққа төзімділігін ұлғайтады, көшеттерді жиі отырғызу нәтижесінде өнімділігін өсіреді, жеміс сапасын жоғарылатады және ағаштарды кесу мен өнімді жинау кезіндегі қол еңбегі шығынын төмендетеді.

Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында телітуші өскіндермен өсірілген бақтардың ұрықтық өсіруден едәуір тиімді екенін өсіру тәжірибесі көрсетіп отыр.

Қазақстанда вегетативті көбейетін телітушілер арқылы көбейтудің зерттеу жұмыстары Ұлы Отан соғысына дейін Қазақ ауыл шаруашылық институтының жеміс өсіру кафедрасының ҚазССР-нің еңбек сіңірген қайраткері, ауыл шаруашылық ғылымының докторы А.П. Драгавцев алғаш рет зерттеген болатын. Соғыс біткеннен кейін одан әрі жалғастырылды. «Дусен биологиясы» деген алғашқы ғылыми мақала 50-жылдары дүниеге келді.

Вегетативті көбейетін телітушілермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын И.Т. Андронов пен Б.Г. Матогонов жалғастырды. Зерттеу нәтижесінде М9 және ММ106 алмалар үшін, ЕМА алмұрт үшін бақтарда қолданысын тапқан телітуші өскіндер шығарылды.

Жеміс және жүзім өсіру Қазақ ҒЗИ академик А.Д.Жанғалиев (1968 ж.) телітуші өскіндер секторын ұйымдастырды, онда телітуші алма, алмұрт, өрік пен шие өскіндері кең зерттеле бастады.

Қазақстанда зерттеу барысында телітуші алма өскіндерінің үлкен коллекциясы әртүрлі аймақтан әкелінді: Ресейден - профессор В.И. Будаговский телітушісі, Армениядан – Арм, ЛА телітуші алма мен алмұрт өскіндерінің сериясы (сұрыптаушы Л.А. Апоян, Ереван қаласы), Дагестаннан – Б сериясының телітушілері (авторлары Д.Н. Крылов, Р.Г. Цаболов, Буйнакск қаласы), сонымен қатар шетелдік сұрыптау телітушілері.

Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ұрықтық, көшеттік және бақтардағы зерттеу нәтижелері бойынша тиімді телітуші алмалар Арм 18, Б7-35, 62-396, Б16-20, беке формалары - ЕМС, Арм 21, К-13 бөлініп алынды.

Өсу күшіне қарай телітуші өскіндер 4 топқа бөлінеді: қысқа, жартылай қысқа, орташа және өте ұзын. Ағаш мөлшерімен бірдей өте ұзын вегетативті көбейетін түрлері ұрықтық өскіндерге тең келеді. Қазақстан жеміс өсіру шаруашылығы үшін аласа ағаштар беретін қысқа және жартылай қысқа телітушілердің едәуір практикалық маңызы бар. Оларға телінген сорттар 2-3 жыл бұрын ерте жеміс береді, олардың шағын мөлшеріне байланысты тығыз отырғызылады, нәтижесінде бақ бірлігі көлемінен көп мөлшерлі жеміс алуға мүмкіндік береді.

Отандас ғалымдар ұсынған, Қазақстанда өсірілетін алма мен алмұрттың болашағы бар телітуші өскіндерінің шаруашылық-биологиялық сипаттамасын білу, нақты топырақ-ауа райы жағдайы үшін телітуші-сорттық үйлесімді дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Дайындалған ұсыныстар алма мен алмұрттың (беке) көшеттерімен айналысатын жетекшілер мен мамандар үшін арналған. Олар көшет өсіру шаруашылығы жұмыстары деңгейін көтеруге, жалпы жеміс өсірудің дамуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар фермерлерге, студенттерге және әуесқой бағбандарға, алма көшеттерін өсірушілер мен бағалау дәрежелерін қажет етушілерге, сонымен қатар пайдаланатын телітуші өскіндерді дұрыс таңдауда пайдалы.

1. САПАНЫ АНЫҚТАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бақ салу үшін таза сортты көшеттерді алу, вегетативті көбейетін телітушілердің таза типті ұрық танаптары болған жағдайда ғана мүмкін. Телітуші өскіндердің барлығының бірдей екенін анықтау үшін ұрықтық көшет танабының, көшеттің бірінші егісінің және қалемше кесіндісінің сапасы анықталады. Тексеру мақсаты типтің нақты екенін білу, қоспаны табу және оны алып тастау, ұрықтық бұта жағдайын анықтау болып табылады. Тексеру кезінде басқа өскіндердің қоспасы көшеттен алынып тасталады. Одан әрі көшеттер өсірілетін, қысқа телітушілердің ұрықтық егісінде көшеттердің өте ұзын формалары бар болса, мұндай сорттың телітуші үйлесімі баққа түссе, онда қысқа ағашты бақтарда технологиялық сәйкессіздік болады. Сондықтан телітуші өскіндердің ерекше морфологиялық белгілерін білу міндетті түрде қажет.

Телітушілерді тексеруді қалемшелердің ерекше морфологиялық белгілерін жақсы білетін, сынақ жүргізуге куәлігі бар мамандар жүргізеді. Жұмысты тамызда немесе қыркүйекте жақсы шуақты ауа райында жүргізу керек. Телітуші типтері ұрықтық танаптың әрбір қатарында, көшеттің бірінші егістігінде және қалемше өсіретін жерінде анықталады. Мәліметтер арнайы дала күнделігіне жазылады (күнделік үлгісі берілген). Қоспасы көп болған жағдайда (30%), мұндай көшеттерді отырғызуға рұқсат етілмейді. Жеміс тұқымының телітуші өскіндерінің басты морфологиялық белгілерінің сипаттамалары: бұта пішіні, оның биіктігі, өркен қабығының түсі, төмпешік саны, газ алмасу тесіктер саны, жапырақ тақтасының беткі реңі, жапырақтың төменгі бетінің түктенуі, жапырақ пішіні, түсі, тісшелену пішіні, жапырақ ұшы, жапырақ тақтасы түбінің пішіні, өскін ұзындығы, жапырақ серігі пішіні.

Тексеруді өсу мерзімі соңында, яғни өсімдік өсуін тоқтатқаннан кейін жүргізеді. Телітуші өскіндердің типтік қасиеттерін ерекше белгілері анық көрінетін шуақты ауа райында анықтау керек.

Ұрықтық бұталарды тексеру 1-2 жылда бір рет жүргізу ұсынылады

2. ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЙЕТІН ТЕЛІТУШІ ӨСКІНДЕРДІҢ БАСТЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ АЙРЫҚША БЕЛГІЛЕРІ


Бұта пішіні. Бұта пішініне қарай бұталы, пирамидалы және аумақты бұталар болып бөлінеді (1 сурет). Бұталыларға шамалы жинақы бұталы өсімдіктер жатады, олардың шеткі өскіндері иілген. Пирамидалы бұталар жинақы, өркеннің негізгі бөлігі тік өседі. Аумақты бұталардың өркендерінің көп бөлігі иілген. Кейде аралас бұта түрлері – бұталы-пирамидалы, аумақты-бұталы түрлері кездеседі.

Бұта биіктігі. Бұта биіктігіне байланысты аласа (60 см), орташа (75 см) және биік (125 см) бұталар болып бөлінеді. Бұл белгі бір жағдайда өсетін әртүрлі типтерді салыстыру үшін қажет.

Өркен қабығының түсі. Қабық түсін анықтау алдында түгінен тазарту керек. Қабық түсін өскіннің орта бөлігіндегі түктенуден таза бос жер түсімен анықтайды. Қабық түсі қоңыр, қызыл-қоңыр, қоңыр-күлгін, жасыл, жасыл-сары, сары және т.б. болады. Сөздің екінші бөлігінің маңызы басым.

Өркендегі төмпешік саны. Көзбен қарап анықталады (бар немесе жоқ).

Өркендегі газ алмасу тесіктер саны. Маңызды белгінің бірі. Өркеннің орта бөлігінде көзбен анықталады. Тесік санын сипаттағанда 3 топқа бөледі: кіші, орташа, үлкен.



1 сурет. Бұта түрлері:

1-пирамидалы, 2 - бұталы, 3 – аумақты.

Буынаралық қашықтық. Буынаралық өте қысқа, ұзындығы 15 мм, қысқа – 19 мм, орташа – 20-25 мм, ұзын – 26-30 мм, өте ұзын – 30 мм болып бөлінеді.

Жапырақ тақтасы бетінің түсі. Бір түстен екінші түске ауысатын, жылтыр және күңгірт болып бөлінеді.

Жапырақтың төменгі беті қалың, орташа және жұқа түктенген болады. Жапырақ түктену дәрежесі келесідей анықталады: жапырақтың төменгі бетін саусақпен бірнеше рет жүргізіп, түскен түктер санымен олардың түктенуін анықтайды. Маңызды белгінің бірі.

Жапырақ пішіні. Жапырақ тақтасы жұмыртқа, кері жұмыртқа, сопақша, дөңгелек пішінді болып келеді (2 сурет). Жұмыртқа пішінді жапырақтың сағақтан кейінгі алғашқы үш бөлігі едәуір жалпақ, кері жұмыртқа пішінді жапырақта сағақтан кейінгі соңғы үш бөлігі жалпақ болады. Сопақша және дөңгелек жапырақтардың жапырақ тақтасының ортасы едәуір жалпақ болып келеді.

Жапырақ жиегінің тісшеленген пішіндері. Телітуші өскін типтерін анықтаудың басты морфологиялық белгілерінің бірі. Әртүрлі өтпелі белгілері бар араланған және доғал араланған жапырақ жиектері болып бөлінеді. Тісшеленгенін жапырақтың орта бөлігімен анықтайды, жапырақ түбі тісшелері едәуір жұмырлау, ал ұш жағы сүйірлеу болып келеді. Жапырақ жиегінің тісшеленген мөлшеріне қарай үлкен, орташа және ұсақ болып бөлінеді (2 сурет).

Жапырақ түсі. Өскіндердің басым көпшілігінің жапырақтарының түсі жасыл. Дегенмен кейбір типтердің жапырақтарының түсінің өзіндік реңдері: қоңыр-жасыл, ашық жасыл, сарғыш, қызғылт, күлгін немесе сұр болады.

Телітуші жапырақтарының түсі жасыл-қызыл немесе күлгін реңді болса, Надзвецкий (Кульджинки) алма түрінің тұқымтегіне жататынын көрсетеді. Олардың қабығы мен сүрегі антоцианды түсті болады.

Жапырақ тактасының түбі жалпақ, жүректәрізді созылған, дөңгелек болып келеді.

Жапырақ сағақтары мөлшеріне қарай бөлінеді: қысқа – 10 мм, орташа – 20 мм, ұзын – 21 мм-ден жоғары.


Жапырақ серігі пішіні мен мөлшері. Телітуші өскін типін анықтаудағы маңызды белгі. Қандауыр қылыш, инетәрізді пішіндерімен анықталады. Жапырақ серігі мөлшеріне қарай үлкен мен кіші, жалпақ және жіңішке болып бөлінеді. Үлкен жапырақ серігіне сағағының жартысына немесе жартысынан ұзындар жатады (2 сурет). Жапырақ серіктері бүтінжиекті, орташа, қатты, әлсіз тісшеленген болады.

Жапырақ ұшының орналасу жағдайы. Тік, көтерілген, иілген, қатты және әлсіз иілген болып бөлінеді (3 сурет). Сонымен қатар, кейбір түрлердің жапырақтарының ұшы шетке қарай иіледі.

Жапырақ тактасының орталық жүйкесі жіңішке, орташа және жуан болады (3 сурет). Жіңішке жүйкелі жапырақтардың иілу радиусы 15 см, орташа жүйкелі – 6-14 см және жуан жүйкелі – 5 см болады.

Жапырақтың өркенде орналасуы: Жапырақ пен сағақ арасындағы бұрыш - 35° болса, олар - өте жоғары көтерілген жапырақтар, көтерілген - $35-55^{\circ}$, әлсіз көтерілген - $60-80^{\circ}$, жазықтық - $80-100^{\circ}$, әлсіз иілген – 100° -тан жоғары.

Жапырақ серігінің көтерілуі. Жапырақ серігі мен өркен арасындағы бұрыш 30° болса, онда жапырақ қатты көтерілген, орташа – $35-50^{\circ}$, әлсіз - $60-80^{\circ}$, көтерілмеген - $85-95^{\circ}$, иілген - 100° және жоғары. Оңтүстікте жапырақ серіктері едәуір биік көтерілген болады.



2 сурет. Жапырақтардың морфологиялық ерекшеліктері

А- жапырақ тақтасының пішіні: 1 – сопақша; 2 – дөңгелек; 3 – жұмыртқа тәрізді; 4 – кері жұмыртқа тәрізді

Жапырақ тақтасы жиегінің тісшеленген түрлері: 1, 2 – доғал; 3, – араланған; 4 – бүтін жиекті

Жапырақ тақтасы жиегінің тісшелену мөлшері: 1- орташа; 2, – ұсақ; 3 - ірі

Б – Жапырақ ұшының пішіні: 1 – біртіндеп сүйірленген; 2 – қысқа сүйірленген; 3 – сүйір; 4 – доғал сүйірленген


В – Жапырақ тақтасының түбі: 1 – жұмыр; 2 – жалпақ; 3 – ұзыншақ; 4 – жүрек тәрізді.

Сағақ ұзындығы: 1 – ұзын; 2, 4 – орташа; 3 – қысқа.

Жапырақ серігі мөлшері: 1 – ұсақ; 2, 3, 4 – үлкен.

Жапырақ серігі пішіні: 1 – ине тәрізді; 2, 4 – қандауыртәрізді; 3 – қылыш тәрізді.

Жапырақ серігі ені: 1 – жіңішке; 2 – жалпақ; 3, 4 – орташа.



3 сурет. Жапырақ құрылысы мен орналасу ерекшеліктері.

Жапырақ ұшының иілуі: 1 – әлсіз иілген; 2 – тік; 3 – қатты иілген; 4 – көтерілген; 5 – орташа иілген.

Жапырақ тақтасының орталық жүйкесі: 1, 4 – жіңішке; 2 – орташа; 3, 5 – жуан.

Жапырақтың өркенде орналасуы: 1- қатты көтерілген; 2 – көтерілген; 3 – әлсіз көтерілген; 4 – жазықтық; 5 – әлсіз иілген.

Жапырақ серігінің көтерілуі. 1 - қатты көтерілген, 2 – әлсіз; 3 – болмайды; 4 – орташа; 5 – иілген.

Телітуші өскіндерді бірыңғайлаған кезде олардың ерекшеліктерін

сипаттап жазу, сонымен қатар бұта, өркен, жапырақ пен бұтада тамыр түзетін өркендердің суреттері көп көмек көрсетеді.

3. ТЕЛІТУШІ АЛМА МЕН БЕКЕ ӨСКІНДЕРІНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

3.1 Қысқа телітуші алмалар

Арм 18. Жүзім өсіру, шарап жасау және жеміс өсіру Армян ҒЗИ (Ереван қаласы) сұрыптаушы Л.А. Апоян шығарған.

Ұрықты бұта аласа, бұталы пішінді. Өркендерінің түсі қою қызыл-қоңыр, әлсіз түктенген, буынаралығы қысқа. Өркендерінде көптеген төмпешіктері болады. Өркенінде газ алмасу тесіктерінің саны орташа, дөңгелек пішінді. Жапырақ тақтасы жылтыр- күңгірт, әлсіз түкті, түсі жасыл, жапырақ жиегі қатты араланған. Сағағы едәуір үлкен, қызғылт. Жапырақ серігі кішілеу, ине тәрізді.

Ұрық бұтасының биіктігі 40 см. Сұлама бұтақтардың тамырлануы өте жақсы – 4-5 балл (1 балл – тамыры жоқ; 2 балл - 1-2 тамырша немесе тек нышаны; 3 балл – тамырлануы қанағаттанарлықтай; 3-4 сабақтан кететін тамыршалар; тамырлануы жақсы, ірі және ұсақ тамырлары көп; 5 балл – өте жақсы тамырлану), шартты тамырдың мойын шеңбері 8 мм. Сұлама бұтақтар отырғызғаннан кейін қалпына келетін жақсы жетілген қосымша тамырлары болуымен сипатталады. Ұрықта қалемшелермен көбейетін стандартты сұлама бұтақтардың шығуы 250-350 мың дара/га немесе орташа 300 мың дара/га, бұл М9 аналогынан және басқа телітуші алма өскіндерінен едәуір жоғары. Ашық топырақта сүректенген қалемшелерден өте жақсы көбейетін, ең жақсы телітуші алма өскіндерінің бірі.

Апорт, Голден Делишес, Джонатан, Заря Алатау, Милтон, Салтанат алма сорттары телінген Арм 18 стандартты шығымы жоғары 1-жылдық көшеттерді береді, ал сорт бойынша орташа 52 мың дара/га немесе қазып алынған көшеттердің жалпы санының 99%, оның 77% бірінші сортты тауарлар.

Бақтағы ағаштар аласа, мөлшері М9 қарағанда кіші, тез жеміс береді, отырғызғаннан кейін 4-5 жылдан кейін жеміс салады, өнімі өте жоғары. Әртүрлі сорттардың орташа өнімділігі 180-260 ц/га. Ағаштар топыраққа жақсы бекінеді. М9-ке қарағанда, телітуші құрғақшылыққа төзімді.

Телітуші өскін Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында пайдалануға ұсынылған.

Б7-35. Буйнакск тәжірибе стансасындағы бақ шаруашылығында Д.Н. Крылов, Р.Г. Цаболов (Дағыстан, Буйнакск қаласы) алды.

Ұрықтық бұта биіктігі орташа, бұталы-пирамидалы пішінді. Өркендері қою қызыл, орташа түкті, буынаралығы қысқа. Газ алмасу тесіктері көп, мөлшері орташа. Жапырақ тақтасы күңгірт-жылтыр реңді, қою жасыл, әлсіз түктенген. сопақша-жұмыртқа пішінді. Жапырақтары доғал-араланып тісшеленген. Сағағы қысқа, қызғылт түсті. Жапырақ серіктері орташа, қандауыртәрізді.

Ұрықтық егіс танабындағы бұта биіктігі 62 см. Сұлама бұтақтардың тамырлануы орташа 8 жыл, отырғызғаннан кейін 3-10 жылда – 4,4 балла. Ұрықтық бұталар жапырақ түсуіне төзімді. Отырғызған мезгілден бастап, 12 жыл бойы өскен уақыт аралығында М9 – 86% қарағанда, 97% бұталар сақталды. Стандартты сұлама бұтақтар шығымы жоғары – 237 мың дара/га, ол 83% құрайды.

Көшет танабында бұл телітуші сабағы тегіс, қабағы созылмалы, бұл бүршік телуді жеңілдетеді. Танаптағы бір жылдық көшет шығымы – 47 мың дара/га.

Бақтағы алма сорты қалыпты биіктігімен немесе М9 ағаштарының деңгейімен бірдей болуымен сипатталады.

Алма сорттары отырғызғаннан кейін 3-4 жылдан кейін жеміс бере бастайды. 14-18 жылдық ағаштардың орташа өнімділігі 130 (Апорт) және 230 ц/га (Заря Алатау, Джонатан) құрайды. Осы телітуші өскінге телінген сорт ағаштары М9 қарағанда, тірек тамырларының болуына байланысты топыраққа жақсы бекінеді. Б7-35 құнды белгісі құрғақшылыққа төзімділігі болып табылады, бұның суарылатын жеміс өсіру жағдайындағы қысқа өскіндер үшін үлкен маңызы бар.

Б7-35 қысқа телітуші алманың жоғары шаруашылық-биологиялық көрсеткіштеріне байланысты Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында пайдалануға ұсынылған.

62-396. В.И.Будаговский және т.б. (Ресей, Мичуринск қаласы) бұдан қорынан бөлінген Мичурин мемлекеттік аграрлық университетінің жеміс өсіру кафедрасының сұрыптауынан алынған.

Қысқа телітуші алманың жапырақтарында, өркенінде, қабығында, сүрегінде және тамырларында Қазақстанның жергілікті түрі – Недзвецкий алмасынан тұқым қуалау арқылы берілген антоцианды түсі бар. Бұта биіктігі орташа, тармақты бұталы пішінді. Өркені әлсіз түкті, қою күлгін, буын аралығы орташа. Өркенінде газ алмасу тесіктер саны орташа, дөңгелек пішінді. Жапырақ тақтасы күңгірт-жылтыр реңді, орташа түктенген, жұмыртқа-сопақша пішінді, қою жасыл күлгін реңмен (қызыл бояулы). Жапырақ жиегі араланған. Сағағы қысқа, қою күлгін. Жапырақ серігі үлкен, қандауыртәрізді.

Ұрықтық танапта 62-396 телітуші алма өскінінің жақсы тамырлануымен – 4,7 балл және стандартты сұлама бұтақтарының жақсы шығуымен сипатталады – 260 мың дара/га, М9-дан 4 есе көп. Өркеннің жақсы тамырлануы мен мықты қосымша тамыр жүйесі болуына байланысты, олар көшет танабында жақсы өседі, бұл стандартты көшеттің жоғарғы шығымын алуға мүмкіндік береді.

Бұл телітуші өскіннің биіктігі мен мөлшері М9 қарағанда, сортына байланысты 14-28% төмен. Отырғызғаннан кейін 4-5 жылдан соң жеміс бере бастайды. Түрлі сорттың орташа өнімділігі 150-220 ц/га. Телітуші құрғақшылыққа және қысқы суыққа төзімді, Недзвецкий алмасынан тұқым

қуалау арқылы құнды белгілері берілген. Телітуші алманы Қазақстанның солтүстік аймақтарында қолдануға болады.

Телітуші өскін 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізіміне енгізілген және Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында пайдалануға ұсынылған.

М9 (ЕМ9). Англияда Р.Г. Хеттон, И. Амос, Х.В. Витт Ист-Моллинг бақ өсіру тәжірибе стансасында (Кент) таңдап алынған.

Ұрықтық бұта биіктігі орташа, тармақты пішінді. Өркендері қою қызыл-қоңыр түсті. Өркенде газ алмасу тесіктері аз. Жапырақ тақтасы жылтыр, төменгі беті шамалы түктенген, жұмыртқа пішінді, жасыл, аралы-доғал тісшеленген. Жапырақ серігі қандауыртәрізді.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағдайларында стандартты сұлама бұтақтар шығымы 20-30 мың дара/га, бірақ кейде 60 мың дара/га жетеді. Теліме өркендердің жалпы санынан сұлама бұтақтардың шығымы – 80-87%. Сұлама бұтақтардың тамырлануы қанағаттанарлықтай – 3-3,5 балл.

Көшет танабында сұлама бұтақтар тамыр жүйесінің жетілуіне және қалпына нашар келуіне байланысты толық өсіп кетпейді. Бір жылдық көшеттердің шығымы шамамен 30 мың дара/га.

Бақта М9 телітуші өскініндегі ағаш биіктігі 25-30%, екпе көшеттерге қарағанда, діңінен жоғары тармақтала өскен бөлігі бойынша 1,5-1,7 есе кіші. Бұл телітуші өскін сорты отырғызғаннан кейін 4-5 жылдан соң жеміс сала бастайды. Ағаштың жеміс беретін кезіндегі өнімділігі сортына және бақ типіне байланысты 100-250 ц/га жетеді.

М9 қысқа телінуші ағаштардың тамыр жүйесі топыраққа нашар бекітілуімен сипатталады. Ағаштарға бір қатарлы тірек сымдары бар сүйелме керек.

3.2. Жартылай қысқа алма қалемшелері

Б16-20. Д.Н. Крылов, Р.Г. Цаболов (Дағыстан, Буйнакск қаласы) Буйнакск бақ өсіру тәжірибе стансасында алынған.

Бұта биіктігі орташа, бұталы-пирамидалы пішінді. Өркендері орташа түктенген, қоңыр-қызыл, буын аралығы қысқа. Өркенде газ алмасу тесіктері аз, мөлшері орташа. Жапырақ тақтасы күңгірт-жылтыр, ашық жасыл, сопақша-жұмыртқа пішінді. Жапырақтың түктенуі орташа. Жапырақ аралы-доғал тісшеленген. Сағағы орташа, ашық жасыл-қызылт. Жапырақ серігі орташа, қандауыртәрізді.

Ұрық танабында өркендер жақсы тамырлануымен – 4,2 балл және стандартты сұлама бұтақтар шығымы жоғары – 200 мың дара/га, бұтадағы өркендердің жалпы санының 91% болуымен сипатталады. Көшет танабында өсімдіктің өсу көрсеткіші жоғары, яғни олар телімге дайын. Бір жылдық көшет шығымы 54 мың дара/га.

Бақтағы телінген алма сорттары өсуіне және ағаш басы кескініне қарай М9 және ММ 106 ағаштар арасындағы аралық орынды алады.

Б12-20 ағашының тамыр жүйесі жақсы жетілген және ММ 106 ағашының көрсеткіштерінен 3 есе, Надзвецкий көшеттерінен 2,5 есе артық.

Бұл телітуші өскіннің алма сорттары отырғызғаннан кейін 3-4 жылдан кейін жеміс салады. Заря Алатау алма сорты 3-ші жылы 65,7 ц/га жеміс береді. Алма сортының орташа жеміс салуы 160-170 ц/га болады.

Б16-20 жартылай қысқа телітуші алма өскіндері Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының ҚР Мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Жетісу 5. ЖШС «Жеміс және жүзім өсіру ҚазҒЗИ» сұрыптауы.

Телітуші өркенінің, жапырақтарының, сүрегінің және тамырларының антоцианды түсі болуымен сипатталады. Бұта биіктігі орташа, пирамидалы пішінді. Өркендері қатты түктенген, қызыл қоңыр түсті, газ алмасу тесіктер саны орташа. Жапырақ тақтасы күңгірт-жылтыр ренді, қызыл қою жасыл, түктенуі орташа, жапырағы жұмыртқа пішінді. Жапырақ жиегі доғал тісшеленген. Сағағы орташа, қызыл қоңыр. Жапырақ серігі ұсақ, қандауыртәрізді.

Жетісу 5 телітуші өркені ұрықтық танапта өте жоғары тамырлануымен (4,4 балл) сипатталады. Стандартты сұлама бұтақтар шығымы өте жоғары – 321 мың дара/га. Олар көшет танабында мықты тамыр жүйесі болуына байланысты жақсы әрі белсенді өседі, нәтижесінде стандартты көшеттің жоғарғы шығымын алуға мүмкіндік береді.

Тау етегі аймағындағы суарылатын Голден Делишес сортының 14 жылдық алмасының биіктігі 3,2 м, М9 қарағанда 20% жоғары, ағаш басы аумағы 2,3 м, ағаш көлемі 4,1 м², мөлшері 6,0 м³.

Голден Делишес алма сорты Жетісу 5 телітушіге телінгеннен кейін 5 жылдан соң жеміс салады. Голден Делишес сорты ағашының орташа өнімділігі 171,5 ц/га құрайды. Телітуші құрғақшылыққа өте төзімді. Республиканың оңтүстік-шығысында өсіруге қолайлы жартылай қысқа телітуші алма өскіні болып табылады.

3.3. Биіктігі орташа телітуші алмалар

ММ 106. Англияда Ист-Моллингск бақ өсіру тәжірибе стансасы Мертондағы (Моллинг-Мертон) Джон Иннес атындағы жеміс өсіру ҒЗИ-ның оригенаторлары Х.М. Тайдемен, М.Б. Крейнмен бірлесіп алынған.

Ұрықтық бұта аласа, бұталы-пирамидалы пішінді. Өркендері қою қызыл-қоңыр, газ алмасу тесіктер саны орташа. Жапырақтары әлсіз-күңгірт-жылтыр, қалың түкті, сопақша-жалпақ-жұмыртқа пішінді. Жапырақ тақтасы жасыл, жиегі араланған, жапырақ серігі жалпақ, қандауыртәрізді.

Сұлама бұтақтардың тамырлануы едәуір жоғары – 3,8 балл. Стандартты телітушінің шығымы 70-100 мың дара/га. Көшет танабында сұлама бұтақтар жақсы өседі. Көшеттер шығымы М9 және ұрықтық телітуші өскіндерге қарағанда 1 га 1,5 есе жоғары.

Апорт алма сортының 20-жылдық ағашының биіктігі – 4,0, Заря Алатау – 5,6, Джонатан – 3,6 м.

ММ 106 алма сорты отырғызғаннан кейін 5-7 жылдан соң жеміс салады. Сортына байланысты орташа өнімділігі 100-110 ц/га. ММ 106-ге Апорт сортын телігенде, жеміс салуы өте төмен екені белгілі болды.

Телітуші өскін ҚР Мемлекеттік тізіміне енгізілген және Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысында өсіруге ұсынылған.

3.4. Алмұрттың қысқа телітушілері (беке)

ЕМС. Англияда алынған.

Бұта аласа, бұталы-пирамидалы пішінді. Өркені әлсіз түктенген, қоңыр түсті. Буынаралығы қысқа. Газ алмасу тесіктері көп. Жапырағы жылтыр-күңгірт, ашық жасыл, түктенуі орташа. Жапырақ пішіні сопақша. Сағағы орташа. Жапырақ серігі жалпақ.

Ұрық танабында өркендердің тамырлануы едәуір жақсы – 3,6 балл, стандартты сұлама бұтақтар шығымы 392 мың дара/га, ол жалпы санының 66% құрайды. Сүректенген қалемшелер өте жақсы көбейеді. Лесная красавица алмұрт сортының стандартты көшеттерінің шығымы 45 мың дара/га, Талгарская красавица сорты 50 мың дара/га.

Телінген алмұрт сортының ағаштары онша биік емес. Лесная красавица мен Талгарская красавица сорттарының мөлшері ЕМА-мен салыстырғанда, Алматы облысында 10-20% және Оңтүстік Қазақстан облысында 2 еседей кіші.

Алматы облысындағы 5-12 жылдық алмұрт ағаштарының жеміс салуы, мысалы Лесная красавица сорты 12, 6 кг/дер., Талгарская красавица – 25,1 кг/дер. Талгарская красавица сортының діңінің жоғарғы жағындағы бұтақтары кең тармақталған, көбіне өскіннің сынуы немесе телінген жердегі телітушінің үзілуінен болады, яғни сәйкессіздігі байқалады. Оңтүстік жағдайында осы телітушідегі алмұрт сорттары топырақтың беткі қабатында ылғалдылықтың жетіспеушілігінен дұрыс өспейді. Дегенмен агротехниканы қатаң сақтағанда және тірек сымдарын қондырғанда, телітушіні көшеттерді тығыз отырғызуға пайдалануға болады.

ЕМС-10. Францияда алынған.

Бұта аласа, бұталы-пирамидалы пішінді. Өркен әлсіз түктенген, қоңыр түсті. Буынаралығы қысқа. Газ алмасу тесіктері көп, дөңгелек пішінді. Жапырақ жылтыр-күңгірт, ашық жасыл, түктенуі орташа. Жапырақ түсі басқа беке телітуші өскіндерінен жақсы ерекшеленеді. Жапырақ пішіні сопақша. Сағағы қысқа. Жапырақ серігі үлкен, жалпақ.

Ұрықтық танапта өскіннің тамырлануы қанағаттанарлықтай – 3 балл, стандартты сұлама бұтақтардың шығымы 352 мың дара/га. Сүректенген қалемшелер өте жақсы көбейеді. Стандартты алмұрт сорттары шығымы Лесная красавица сорты 45 мың дара/га, Талгарская красавица сорты 50 мың дара/га.

Телінген алмұрт сортының ағаштары онша биік емес. Лесная красавица мен Талгарская красавица сорттарының мөлшері ЕМА-мен салыстырғанда, 25-30% және орман алмұртының екпе көшетінен 1,7 есе кіші.

Алматы жеміс өсіру аймағында Лесная красавица мен Талгарская красавица сорттарының 5-15 жылдық ағаштарының өнімділігі 20 және 62 кг/дер. Талгарская красавица сорты ағаштарды жиі отырғызған кезде 357 ц/га жеміс алуға мүмкіндік береді.

Алмұрт үшін болашақты телітуші өскін.

Мелитопольская (Украина, Мелитополь).

Бұта аласа, бұтаның ерекше белгісі – өркендерінің тармақты пішінді, дерлік жазықтық күйде болуы. Өркендері орташа түкті, қоңыр түсті, буынаралығы орта мөлшерлі. Газ алмасу тесіктері көп, ашық қоңыр түсті, ұзынша-жұмыр пішінді. Жапырағы күңгірт, күлтүсті-жасыл, қалың түктенген, жұмыртқа пішінді. Сағағы қысқа, жапырақ серігі үлкен, олардың ені орташа. Өркендердің тамырлануы нашар 2,0 балл, стандартты сұлама бұтақтар шығымы 261 мың дара/га, сұлама бұтақтардың жалпы санының 35% құрайды.

3.5. Алмұрттың жартылай қысқа телітушілері

ЕМА (Анжер бекесі). Р.Г. Хеттон, И. Амос, Х.В. Витт Англияда Ист-Моллингск бақ өсіру тәжірибе стансасында (Кент) алынған.

Бұта пішіні бұталы, биік. Өркендердің түктенуі орташа, қабық түсі қоңыр, буынаралығы орташа. Өркенде газ алмасу тесіктері көп, дөңгелек пішінді. Жапырақ тақтасы жылтыр-күңгірт, жасыл түсті, жапырақтың төменгі жағы қалың түкті. Сағағы қысқа, жапырақ серігі үлкен, едәуір жіңішке.

Телітуші өскіндер ұрықтық танапта жақсы көбейеді. Өркендердің тамырлануы 2,4 балл. Өнімділік кезеңінде стандартты сұлама бұтақтардың шығымы 266 мың дара/га. Жеміс көшеті танабында көшеттер шығымы жоғары, оның орташа шығымы – 47 мың дара/га.

Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы алмұрттың 12 жылдық ағаштарының биіктігі Лесная красавица сорты бойынша 4,4 және 4,8 м, Талгарская красавица сорты бойынша 3,6 и 3,8 м.

ЕМА бекесіндегі алмұрт сорттары отырғызғаннан кейін 4 жылдан соң жеміс салады. Алматы облысында 5-15-жылдық алмұрт ағаштарының орташа өнімділігі Лесная красавица 16 кг/дер., Талгарская красавица 27 кг/дер., Оңтүстік Қазақстан облысында 5 және 23 кг/дер.

Кемшілігі – бұл телітуші өскінде бірқатар алмұрт сорттарының үйлеспейді.

Телітуші өскін Қазақстан Республикасының пайдалануға жіберілген сұрыптау жетістіктерінің Мемлекеттік тізіміне енгізілген және Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында өсіруге ұсынылған.

**4. «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА ЖІБЕРІЛГЕН СҰРЫПТАУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІМІНЕ» ЕНГІЗІЛГЕН АЛМА МЕН АЛМҰРТТЫҢ ТЕЛІМЕ ӨСКІНДЕРІНІҢ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ
ЖӘНЕ БОЛАШАҚТЫ ТҮРЛЕРІ
(тән белгілері – сызылған)**

Телітуші	Бұта		еркен (қабық түсі)	газ алмасу тесіктері (саны)	Жапырақ тактасы						Жапырақ серігі (пішіні)	
	пішіні	биіктігі			реңі	түктенуі	пішіні	түсі	тішелену пішіні	ұшының қалпы	түбінің пішіні	жапырақ серігі пішіні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Алма

Арм 18	бұталы	аласа	қою қызыл-қоңыр	орташа	жылтыр-күңгірт	әлсіз	сopaқша	жасыл	терең араланған	әлсіз түктенген	ұзынша	инетеріздi
Б7-35	бұталы-пиррамидалы	орташа	қою қызыл	орташа	күңгірт-жылтыр	әлсіз	сopaқша-жұмыртқа тәріздi	қою жасыл	доғал-араланған	тегіс әлсіз түктенген	жұмыр	қандауыртаріздi
Б2-396	аумақты бұталы	орташа	қою күлгін	аз	күңгірт-жылтыр	орташа	жұмыртқа тәріздi-сopaқша	қою жасыл күлгін ренді	араланған	әлсіз түктенген	ұзынша	қандауыртаріздi

М9	аумақты	орташа	қою қызыл-қоңыр	аз	жылтыр	орташа	жұмыртқа тәрізді	жасыл	араланған-доғал	әлсіз түктенген	жұмыр	қандауыртәрізді
Б16-20	бұталы-пирамидалы	орташа	қоңыр-қызыл	аз	жылтыр-күңгірт	орташа	сопақша-жұмыртқа тәрізді	ашық жасыл	доғал-араланған	әлсіз түктенген	жүрек пішінді-жұмыр	қандауыртәрізді
Жетпіс 5	пирамидалы	орташа	қою қызыл	орташа	күңгірт-жылтыр	орташа	жұмыртқа тәрізді	қызыл-қою жасыл	доғал	әлсіз жүйкеленген	жұмыр жүрек пішінді	ұсақ, қандауыртәрізді
ММ 106	бұталы-пирамидалы	биік	қою қызыл-қоңыр	орташа	әлсіз күңгірт-жылтыр	орташа	сопақша-кең-жұмыртқа пішінді	зеленый	араланған	түкті	дөңгелек	жалпақ қандауыртәрізді

Беке

ЕМА	бұталы	биік	қоңыр	көп	жылтыр-күңгірт	қалың	сопақша	жасыл	жоқ	тегіс	жүрек пішінді	едауір жіңішке
ЕМС	бұталы-пирамидалы	аласа	қоңыр	көп	жылтыр-күңгірт	әлсіз	сопақша	ашық жасыл	жоқ	әлсіз түкті	жүрек пішінді	жалпақ
ЕМС-10	бұталы-пирамидалы	аласа	қоңыр	көп	жылтыр-күңгірт	орташа	сопақша	ашық жасыл	жоқ	тегіс	жүрек пішінді	үлкен жалпақ
Мелитопольская	аумақты	аласа	қоңыр	көп	күңгірт	қалың	жұмыртқа пішінді	күлтүсті-жасыл	жоқ	әлсіз түкті	дөңгелек	ұсақ

Ескерту: Астын сызумен негізгі белгілер ерекшеленген

5. Телітуші өскіндерді тексеру құжаттары

Телітуші өскіндерді тексеру жұмыстарын шаруашылықтағы құжаттардан бастайды: өткен жылдардағы тексеру актілері, екпе көшеттің шығу тегін растайтын сорт куәліктері, сонымен қатар карантинді тексеру мәліметтері. Ұрықтық көшеттің жалпы жағдайымен міндетті түрде танысады. Сонан кейін көшетті тексеру жұмыстарын жүргізеді. Қатармен өтіп, тексеруші дала күнделігіне кездескен қоспаларды тізеді. Жұмысшылар оны белгілейді (ізбес, бояу). Қоспаны егіс танабынан тез арады алып тастайды. Өскіндер арасындағы қоспаны анықтау жұмыстарын бірінші көшет танабында әдетте телім жұмыстарының алдында жүргізеді.

Екпе көшет жасын (отырғызған жылы) «екпе көшетті салу жайлы» актіге сәйкес көрсетеді. Қоспа өсімдіктерді алып тастағаннан кейін, тексеруші тексерудің бақылау жұмыстарын жүргізеді және шаруашылық басшылығымен бірге карантинді тексеру орны қорытындысымен жүргізілген жұмыс актісін жасайды.

Екпе көшетті басқа шаруашылыққа өткізген кезде «сорт куәлігі» беріледі.

Дала күнделігінің үлгісі, тексеру актісі, сорт куәлігі және оларды толтыру үлгісі (курсивпен белгіленген) 1 қосымшада берілген.

ДАЛА КҮНДЕЛІГІ

(Толтырудың үлгісі)

Ұрықтық, көшеттің бірінші егісін және телітуші өскіндердің сүректенген қалемшелері өсетін танаптарды тексеру

1. Тексерудің күнтізбелік уақыты: 10 тамыз 2011ж.
2. Шаруашылық: ЖШС «Агробірлестік»
3. Облыс, аудан: Жамбыл, Мерке
4. Аты-жөні: тексеруші, қызметі: Оразаева М.В., аға ғылыми қызметкер
5. Екпе көшет аты, жыл, отырғызу үлгісі: телітуші өскіндердің ұрықтық танабы, отырғызылған жылы 24 сәуір 2008 ж., отырғызу үлгісі 1,4 x 0,2м
6. Орам саны, қатар, қатардағы саны (С-О, Б-Ш): 2 орам, 10 қатар, қатардағы саны С (солтүстіктен) - О (оңтүстікке)
7. Көлемі: 2 га
8. Негізгі телітуші (тип) М9

№ орам	№ қатар	Негізгі телітуші типі	Негізгі телітуші бұтасының саны, дара.	Қоспа бұта саны, дара.	Қоспа белгісі (алып тастау)
1	1	М9	50	3	қазып алынды
1	2	М9	60	2	қазып алынды

Тексеруші қолы _____

**ҰРЫҚТЫҚ ТАНАПТА (КӨШЕТТІҢ БІРІНШІ ТАНАБЫ ЖӘНЕ Т.Б.)
ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЙЕТІН ТЕЛІТУШІ ӨСКІНДЕРДІ ТЕКСЕРУ АКТІ**

(Толтырудың үлгісі)

«20. 08. 2011 ж.»

Комиссия құрамында: (аты-жөні, қызметі) - Ж.С Қарабаева., а/ш басқармасы бастығының орынбасары, Жамбыл облысы, А.М. Қасабекова, а/ш басқармасы бастығы, Мерке ауданы, Л.А.Курасова, ЖШС «Жеміс және жүзім өсіру ҚазҒЗИ аға ғылыми қызметкері С.Т Ноғаева, карантин тексеру орны қызметкері, В.Д. Ямпольский, шаруашылық басшысы, М.В Оразаева ЖШС «Агробірлестік», Мерке ауданы, Жамбыл облысы шаруашылығының құжаттарын, дала күнделігін және көшеттер жағдайын тексерді.

Тексеру нәтижесінде белгіленді: ұрықтық танап 24 сәуір 2008 ж. отырғызылған, көлемі 2 га, отырғызу үлгісі 1.4 x 0.2 м, негізгі телітуші (тип) М9.

Негізгі телітушінің отырғызылу жиілігі 98%.

Комиссия ұрықтық танаптағы телітуші өскіндерді (көшеттің бірінші танабы және т.б.) таза тип ретінде пайдалануға жарамды (немесе жарамсыз) деп есептейді.

Қолдар:

(аты-жөні, қызметі)

Ж.С Қарабаева., а/ш басқармасы бастығының орынбасары
Жамбыл облысы

Қолы

М. О.

Сорт куәлігі № 1 _____

ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЙЕТІН ТЕЛІТУШІ ӨСКІН МАТЕРИАЛЫНА

(Толтырудың үлгісі)

6 қараша 2011 жылы (күні, айы, жылы) берілді, шаруашылық атауы ЖШС «Агробірлестік», Мерке ауданы, Жамбыл облысы, Қазақстан Республикасы, пошта мекен-жайы, телефон, факс, электрондық пошта

«Ғалым Қапламбек» шаруа қожалығы (алатын шаруашылық атауы) көшет материалын жіберуге

Тұқымы	Теліме өскін	Көшет материалының жасы	саны, дара	Тауарлы сорт	Ескертпе
Алма	М9	біржылдық	200	1	
Беке	ЕМС -10	біржылдық	500	1	

Куәлік ұрықтық көшет немесе көшеттің бірінші танабындағы өскіні № 1 (күні, айы, жылы) «20. 08. 2011ж. тексеру актісі негізінде берілді.

Қолдар: шаруашылық жетекшісі _____
маман _____

МО.

ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

Кәдімгі беке (Айва обикновенная) – (*Cydonia oblonga* Mill.) жемісті өсімдіктердің монотипті туысы, раушан гүлділер тұқымдасы, алма тұқымдас тармағы, алмұрттың кейбір сорттарына жақсы телітуші.

Тексеру (Апробация) - (лат. *aprobation* – мақұлдау, бекіту), сортын (типтік) анықтау үшін бақтарды, ұрықтық екпе көшеттерді, көшет танаптарын тексеру. Ұрықтық екпе көшеттер мен көшет материалдарын бағалау үшін далалық тексеру әдістері пайдаланылады.

Төмпешіктер (Берноты) – бұтақтардағы төмпешіктер, жасырын қосалқы тамырлар арқылы дамиды. Төмпешіктің болуы қосалқы тамырлардың өсу мүмкіндігінің және өсімдіктің тамырлану дәрежесінің куәсі. Өсімдіктің қысқа болу белгілерінің бірі.

Вегетация – өсімдіктің белсенді тіршілігі (биіктігі, қоректенуі, дамуы). Жемісті өсімдіктердің өсуі тамырының өсуінен басталып, жапырағының түсуімен аяқталады.

Құрғашылыққа төзімділігі (Засухоустойчивость) – өсімдіктің құрғақшылық пен тым ыстыққа төзімділігі.

Суыққа төзімділігі (Зимостойкость) – өсімдіктің қысқы қолайсыз жағдайларға: қатты аязға, жоғарғы және төменгі температураның тез өзгеруіне, еріген судың қаптауына төзімділігі.

Өскін (Клон) – типтің вегетативті өскіні, ұрықтық өсімдікпен тектік туыс, осы типке тиісті шаруашылық бағалы сапаны сақтайды.

Сұлама бұтақ (Отводок) – көшет танабында екпе материал ретінде қолданылатын, тамыр түзетін және ұрықтық бұтадан жеке алынған ұрықтық өсімдіктің біржылдық өскіні.

Бүршік телу (Окулировка) – өсімдік дамиды (алма, алмұрт сорттары және т.б.) сортқа бүршік телу (дақыл көзшесі).

Телітуші (Подвой) – бүршік, қалемше телінетін өсімдік немесе оның бөлігі.

Қайта қалпына келу (Регенерация) – (лат. *regeneration* жаңару, жандану) жоғалған немесе зақымдалған мүшенің жаңаруы (тамыр, жер беті бөлігі) және одан әрі мүшелер қызметі мен өсуге байланысты бұзылымдардың қайта қалпына келуі.

Қалемше (Черенок) – вегетативті көбею үшін қолданылатын (тамырлану, телу) бүршігі бар жасыл немесе сүректенген өскін кесіндісі.

Төсіктер (Чечевички) – транспирация және газ алмасуға арналған төсіктер, олар өркеннің тоз қабатындағы ерекше түзіліс.

СОДЕРЖАНИЕ

	стр.
Введение	25
1. Цель и задачи апробации	27
2. Основные отличительные морфологические признаки вегетативно размножаемых (клоновых) подвоев	27
3. Краткая характеристика клоновых подвоев яблони и айвы	31
3.1. Карликовые подвои яблони	31
3.2. Полукарликовые подвои яблони	34
3.3. Среднерослые подвои яблони	35
3.4. Карликовые подвои для груши (айва)	36
3.5. Полукарликовый подвой для груши	37
4. Основные признаки клоновых подвоев яблони и айвы, включенных в «Государственный реестр селекционных достижений допущенных к использованию в Республике Казахстан» и перспективных типов	38
5. Документация по апробации клоновых подвоев	40
Приложения	41
Краткий словарь терминов	44
Литература	45

ВВЕДЕНИЕ

В садоводстве важная роль отводится подвоям. В настоящее время в мировом плодоводстве широкое распространение получили вегетативно размножаемые (клоновые) подвои.

Клоновые подвои позволяют сократить варьирование силы роста деревьев, ускорить вступление их в пору плодоношения, повысить засухоустойчивость и зимостойкость, увеличить урожайность садов за счет загущенных посадок, улучшить качество плодов и снизить затраты ручного труда на обрезке деревьев и сьеме урожая.

Опыт выращивания садов на клоновых подвоях в Алматинской, Жамбылской и Южно-Казахстанской областях показал их значительное преимущество в сравнении с садами на семенных подвоях.

В Казахстане первые исследования с вегетативно размножаемыми подвоями были начаты на кафедре плодоводства в Казахском сельскохозяйственном институте заслуженным деятелем Каз.ССР, доктором сельскохозяйственных наук А.П. Драгавцевым до Великой Отечественной войны. В послевоенные годы они были продолжены. Первая научная статья «К биологии Дусена» появилась в 50-е годы.

Научно-исследовательскую работу с вегетативно размножаемыми подвоями продолжили И.Г. Андронов и Б.Г. Матоганов. По результатам исследований были выделены клоновые подвои для яблони М9 и ММ106, для груши ЕМА, которые нашли применение в садах.

В Казахском НИИ плодоводства и виноградарства академиком А.Д. Джангалиевым (1968 г.) был организован сектор клоновых подвоев, в котором началось широкое исследование подвоев яблони, груши, сливы и вишни.

